

О.С.Сапашев



Стамбул университеті, Стамбул, Түркия
(E-mail: sapashevo@gmail.com)

Ясауи шығармалары мен сопылық ағымы қазақ әдебиеті мен әдеби тілінің негізі ретінде

Аңдатпа. Қожа Ахмет Ясауи – ортағасырлық түркі әлемінің әйгілі сопысы және исламдық мистицизмнің көрнекті өкілі. Оның шығармалары мен сопылық ағымы қазіргі қазақ әдебиетінің және әдеби тілінің қалыптасуында ерекше орын алады. Ясауидің ілімі мен шығармашылық мұрасы тек діни емес, сонымен қатар түркі дүниесінің әдеби және мәдени аспектілерінде де үлкен әсер қалдырды. Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтер» атты шығармалары оның философиялық, діни және моральдық ойларының көрінісі болып табылады. Хикметтер – адамның рухани және моральдық жетілуіне бағытталған өлеңдер мен өсиеттер жинағы. Бұл шығармалар қазақ әдебиетінің қалыптасуына негіз болды, себебі оларда халықтық даналық пен философиялық тұжырымдар қазақтың рухани құндылықтарына ықпал етті. Ясауидің сопылық ілімі адамды Аллаға жақындату, рухани тазалыққа жету жолдарын көрсетеді. Оның ойлары мен тәжірибелері қазақтың діни танымында терең із қалдырды. Сопылық ілімнің негіздері қазақтың рухани өмірінде және әдебиетінде үлкен орын алады. Ясауидің шығармаларындағы тіл мен стиль қазақ әдеби тілінің қалыптасуына әсер етті. Оның өлеңдері мен тұжырымдары халықтың күнделікті тілінде, салт-дәстүрлерінде терең із қалдырды. Әдеби тілдің байлығы мен көркемдігі, Ясауидің шығармаларындағы тақырыптар мен мазмұндардың көптігі арқылы дамыды.

Түйін сөздер: Ясауи, сопылық ағым, «Диуани хикмет», Пақырнама, ислам, түркі әдебиеті, қазақ әдебиеті, Абай, Шәкәрім

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-184-194>

Түсті: 10.08.2024; Жөнделді: 17.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 28.09.2024

Кіріспе

Ахмет Ясауи б.д. 1093 жылы Сайрам қаласында (қазіргі Қазақстан) дүниеге келген. Жас кезінде ата-анасынан айырылып, оны сопылық шейх Арслан баб тәрбиелеген. Арслан баб оған ислам ілімдерін және мистицизмнің негіздерін үйретті. Кейін Ахмет Яссы (қазіргі Түркістан) қаласына көшіп, қалған өмірін сол жерде өткізді. Яссыда ол рухани дамуын жалғастырып, белгілі діни ұстаз және сопылық шейх атанды.

Әкесі қайтыс болғаннан кейін, әпкесімен бірге Сайрамның жанындағы Яссы қаласына қоныс аударған Ясауи, мұнда “Арслан баб” атты түркілердің арасына келген шайқыдан алғашқы білімін ала бастаған. Ел аузында сақталған аңыз бойынша, ол Мұхаммед Пайғамбардың тапсырған құрмасын Ахмет Ясауиге жеткізу міндетін алып ғасырлар бойына күткен-мыс. Мекке-Мәдинада өмір сүрген кезеңінде ол Имам Ризаның

шәкірті болғаны айтылады. Яссауидің рухани көтерілуінде Арслан бабтың үлкен ілімі рөлі бар.

Алғашқы білімін аяқтағаннан кейін, сол кезеңдегі маңызды орталықтардың бірі болған және әртүрлі аймақтардан мыңдаған шәкірттер ағылатын Бұхараға барған Яссауи, онда атақты діни ғұлама Шейх Юсуф Хамаданиге шәкірт болған. Хамаданиден терең сопылық білім алған Яссауи шейхтің төрт халифасының үшіншісі болған және алғашқы екі халифадан кейін шейхтің орнын басқан.

Хамаданиден алған белгімен ол бұл рухани орынды Шейх Абдулхалық Ғыждуваниға қалдырып, Яссауиға қайтып оралған ғұлама сол кездегі қоғамды ұйымдастыруға зор әсер еткен Яссауи тариқатын құрған. Абдулхалық Ғыждувани болса, өз шәкірті Мұхаммед Бахауаддин Нақшбандиді тәрбиелеп, сол кезеңде Яссауи тариқатынан басқа тараған екі үлкен сопылық мектептің бірін негіздеген. Бұхарада құрылған Нақшбандия тариқаты уақыт өте келе Ауғанстан, Үндістан және Анадолыға таралған.

Яссауи өзінің ілімін ұстазы Арыстаннан алған “әһли бәйт” сүйіспеншілігі және сол бағыттағы сопылық түсінікке негіздеген. Түркі сопысы құрған бұл алғашқы “түркі тариқаты” алдымен Мәуераннахр, Ташкент және Батыс Түркістан аймағында ықпалды болған. Кейінірек Хорасан, Иран және Әзербайжанда өмір сүрген түркілер арасында таралған Яссауи тариқаты XIII ғасырдан бастап көшпенділер арқылы Анадолыға, одан әрі Балқанға дейін жеткенін білеміз.

Нәтижелер мен талқылау

Ахмет Яссауи еңбектерінде көтерілген ойлар адамзаттың рухани өмірімен, сопылық тәжірибемен және адамның Алламен қарым-қатынасымен байланысты көптеген тақырыптарды қамтиды. Диуани Хикметте және Қожа Ахметтің деп танылған еңбектердің негізгі тақырыптарына мыналар кіреді:

Аллаға деген махаббат және діни құштарлық: Яссауи Аллаға деген терең сүйіспеншілігі мен адалдығын білдіреді. Ол Алланы үнемі еске алу (зікір) мен рухани тәртіптілікті қадағалап отыру Жаратушыға жақындау жолдары екенін атап көрсетеді.

Кішіпейілділік және пендешілік мансұқтан өзін-өзі тәрк ету: Ғұламаның сопылық тәжірибесі дүниедегі игіліктер мен өзімшілдік ұмтылыстардан толық бас тартуды талап етеді. “Диуани Хикметте” ол тақуалыққа, өзін-өзі тәрк етуге және Аллаға қызмет етуге арналған өмірге шақырады.

Рухани ақиқатты іздеу: Шығармалар тақырыбы өзін-өзі ішкі дүниесімен тану және медитация арқылы рухани білім мен ақиқатты іздеуге бағыттайды. Яссауи сопының жолын құдіретті ақиқатқа ұдайы ұмтылу жолы ретінде сипаттайды.

Адамдарға қамқорлық және әлеуметтік әділдік: “Диуани Хикметте” Яссауи қайырымдылықтың, әділдіктің және кедейлер мен жәбірленушілерге қамқорлық жасаудың маңыздылығын атап көрсетеді. Сопылық этиканың бұл әлеуметтік аспектілері түркі халықтарының арасында моральдық нормаларды қалыптастыру үшін маңызды болды. Бұл тұрғыдан Қожа Ахметтің қағидалары Әбу Насыр әл Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» және «Бақытқа жетудің жолдары» атты трактаттарымен, Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу Білік» еңбектеріндегі әдеп пен тәрбие, мейірімділік хақ жолдарын ұстану тақырыптарымен ұштасып жататынын айта кету өте маңызды.

Өлімге дайындық және мәңгілік өмір: Ахмет Яссауидің көптеген өлеңдері өлімге және одан кейінгі өмірге дайындық тақырыптарын қамтиды. Ол жердегі өмірдің ақырының сөзсіздігін және Алламен кездесу үшін рухани тазалықтың қажеттілігін еске салады.

Ахмет Яссауидің дінге көзқарасы: Ахмет Яссауи шынайы діни өмір рухани жетілу, Аллаға деген сүйіспеншілік және кішіпейілділіктен тұрады деп санайтын сенімді мұсылман және сопы болды. Ол діни рәсімдерге сырттай бағыну жеткіліксіз — жанның ішкі тазалығы, Аллаға шын жүректен ұмтылу және моральдық нормаларды сақтау маңызды деп үйретті. Ғұламаның сопылығы медитация, дұға және тақуалық арқылы Жаратушымен жеке қарым-қатынасқа жетуге бағытталған. Осы тұрғыда Қожа Ахмет ойлары мен қағидаларын

түркі дүниетанымының кеңістігінде береді: Йассауидің мұрасы ислам руханияты мен түркі дүниетанымының бірегей синтезі болып табылатындығы да оның жеке тұлғасы мен шығармаларын түркі халықтары үшін ерекше маңызды биіктерге көтеріп тұр.

Йассауи ілімінің осыншалықты ықпалды болуының негізгі себептерінің бірі – Ахмет Йассауидің өз ойларын жеткізу үшін сол кезеңдегі орныққан ғылыми шығармалар тілі дәстүрі бойынша араб немесе парсы тілдерін емес, түркі тілін таңдағандығы. Ол өзінің “Хикмет” деп аталған өлеңдері арқылы өзінің ілімін ғылымға сусаған түркі шәкірттері арасында, олардың ана тілінде тез арада тарата отырып, ұрпақтан-ұрпаққа оңай жеткізу жолын тапқан. Бұл өлеңдер XV ғасырда жазылып, «Диуани Хикмет» деген атпен жинақталған және қасиетті кітап ретінде қолданыста болған.

Ахмет Йассауидің қызметі кеңірек мәдени және діни қозғалыс — Түркі Ренессансы аясында қарастырылуы мүмкін. Бұл кезең түркі әдебиетінің, өнері мен ғылымының гүлденуімен сипатталады, сондай-ақ аймақта исламның ықпалының күшеюімен ерекшеленеді.

Ахмет Йассауи сопылық және түркі-ислам мәдениетінің тарихындағы ең маңызды тұлғалардың бірі болып қала береді. Оның мұрасы Орталық Азия халықтарының діни және мәдени өміріне бүгінгі күнге дейін әсерін тигізуде.

Исламның құндылықтарын түркі мәдениетімен үйлестірген Йассауи ілімі, әсіресе көшпенді өмір сүрген түркі тайпаларының исламды қабылдауын жеңілдеткен. Исламды танып, қабылдағанымен, өздерінің дәстүрлерінен ажырамаған бұл қауымдар үшін қалалық дін ғалымдарының ұсынған қатаң қағиданы исламнан гөрі дәруіштер ұсынған, демократиялық, дінге икемді және бұрынғы нанымдарды жоққа шығармайтын ислам түсінігі жақын болған. Осылайша, көне түркі дүниетанымына тиесілі ежелден келе жатқан дәстүрлері азды-көпті өзгеріске ұшырағанымен, ислам танымы аясында барынша сақталып қалу мүмкіндігіне ие болды. Сондықтан да Қазақстанда, әсіресе Түркістан аймағында «Йассауи зікірі» деп аталатын дәстүрлер ислам құндылықтарымен үйлесіп, бүгінге дейін жалғасуда.

Исламдағы суфизм ағымының түркі-көшпенділер арасында жылы жүрекпен қабылданып, кең таралуы көшпенділердің психологиялық ерекшеліктерімен байланысты екені белгілі. Көшпенді түркі әл бастағы кемел табиғатынан-ақ дүниетанымы да көптеген «сопылық» сипаттарға ие болған. Бұл – поэзиялық жан дүниесі, еркін ойлау, сенім (иман) мен адамгершілік өмір салтын сыртқы рәсімдер мен теологиялық схоластикаға басымдық беру, идеализм, қарапайымдылық пен шыншылдық, пұл мен материалдық байлыққа қатынассыздық, оның орнында жомарттық пен мәрттік жатады. Көшпенділер еш уақытта отырықшы болып, жерге байланған емес, сопылардың да дәл осылайша саяхаттар мен жаңа орталарды ашу өмірінің ажырамас бөлігі болды. Көшпенділерге мұсылмандық мистиктер құдіретіндегі аскеттік тұрғыдан өзін-өзі тәрбиелеу ұғымы да түсінікті және қолжетімді болды.

Сопылық рухани әлем мен көшпенді жауынгерлердің ел мен жер философиясының синтезі қазақ халқының ұлттық мінез-құлқындағы ерекше белгіні түсіндіруге мүмкіндік береді, мәселен діни тұрғыда тек кітаби және формалист болып қана қоймай, моралист, прагматик, тәжірибешіл және жаратушыны еркін жолдармен іздеуші ретінде ортаға шықты. Осылайша, суфизм, исламның бір ағымы ретінде, көшпелі және жартылай көшпелі халықтардың қабылдауына қолайлы болды және ұлттық психологиясына нұқсан келтірмей исламдық өркениетке сенімді түрде енудің негізі болды.

Менің хикметтерім – «хадис қазынасы», оны оқып таныр болсаң – бар мағынасы Құран» деп жырлаған Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегі сол дәуірдегі түркі қоғамындағы орныққан тәңіршілдік нанымға қайшы келтірмей көшпелі түркі тайпалары арасында ислам дінінің кеңінен таралуына қызмет етті. Ғұлама «Диуани Хикметтің» алғашқы жолдарынан бастап-ақ бұл жолға келуін балалық шағынан, Арыстан бапты ұшыратуын төмендегі өлең жолдарына салады:

Жеті жаста Арыстан бабқа қылдым салам,
Мұстфанының аманатын бер деп маған.
Сол мезетте мың бір зікір еттім тамам,
Нәпсім тыйып Аллаға бет бұрдым, міне.
Құрма берді, басымды сипап, назар салды,
Бір сәтте ол дүниеге сапар салды...

Көріп отырғанымыздай Йассауи ұсынған исламның қағидалары халықтың бұрынғы наным-сенім жүйесінен түбегейлі бас тарту міндетті емес екенін көрсетеді. Осының негізінде бүгінге дейін тек Қазақстанда ғана емес, бұрынғы Түркістан географиялық аймағында өмір сүрген түркі халықтарында ежелгі әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері ислам аясында сақталған. Бұған қоса, бұл дәстүрлер тек Түркістан аймағында ғана қалып қоймай, ғұламаның ізбасарлары арқылы Анадолы мен Балқанға да жеткенін жоғарыда айтып өттік.

Ахмет Йассауи өзінің ілімін «Төрт есік»: Шарифат, Тариқат, Мағрифат және Хақиқат деп аталатын келесі қағидаларға негіздеген.

Шарифат, тариқат, мағрифат және хақиқат қақпалары рухани ізденушінің өмірден бақиға ұласуда мән-мағына іздеу жолы болып табылады. Шарифат жолы – басқа сатыларды да қамтитын негізгі бағыт. Тариқат, мағрифат және хақиқат сатылары шарифат шеңберінде дамудың сатылы кезеңдері. Ахмет Йассауи сопылық тәрбие алатын шәкірттерін Алланың бірлігіне, барлығына, сипаттарына және затына иман келтіруге баулып, олардан намаз оқып, ораза ұстап, зекет беріп, қажылықты өтеп, жұмсақ сөйлейтін көркем мінезді болып, білім алып, сүннетті орындап, жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтару сияқты шарифаттың он мақамын орындауларын талап етеді.

Екінші кезеңде – тәубе етіп, пірге қол беру, зікір орындау, пірдің қызметінде болу, өзін пәк ету, бақилық өмірі үшін қайғы-қорқынышта болу, Алладан оның иманына үміттену, пірдің рұқсатымен сөйлеу, насихат тыңдау сияқты тариқат қақпасының он мақамының құнын түсіну қажет.

Үшінші кезеңде – фәни болу, сопылықты қабылдау, барлық істерге төзу, адал және дұрыс тілек тілеу, мағрифат болу, шарифат пен тариқатты ұстану, дүние малына қызығушылықты тастау, ақыретті таңдау, болмысты тану, хақиқат сырларын түсіну сияқты мағрифат мақамдарын орындау керек.

Төртінші кезеңде хақиқат қақпасының мақамдарын жүзеге асыру қажет. Хақиқат қақпасының он мақамы: барлық адамдардың тағдыр жолына құрмет көрсету, жақсы мен жаманды ажырата білу, біреудің адалдан тапқан бір үзім нанына қол сұқпау және азғантайға қанағат ету, нәпсіні Алла жолында жұмсау, ешкімді ренжітпеу, кедейлікті мойындамау, рухани жолды ұстану, адамдардан пендешілік сырынды жасыру, шарифат, тариқат, мағрифат және хақиқат мақамдарын біліп, оны орындау, бұл шарттардың ақырында жаратушыға ұласу.

Аңыз бойынша, Ахмет Йассауи алпыс үш жасқа келгенде, өзінің дәруішханасында жердің астына кішкентай бөлме түрінде шілхана/халветхана салдырған. Өмірінің қалған бөлігін көбінесе сол жерде ғибадат және тәфәккүр етумен өткізген. Ғұламадан рухани мирас болып қалған Йассауия ордені исламды түркі халықтары арасында кеңінен таратуда маңызды рөл атқарды және ислам мәдениетінің осы аймақта дамуына ықпал етті.

Мақаламыздың өзегі болып отырған Ахмет Йассауидің ең танымал еңбегі - «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы»), ол қарахан түрікшесінде жазылған поэтикалық шығармалар жинағы. Оның өлеңдері, яғни «хикметтері», негізінен ғұламаның рухани насихаттары мен ой-толғаулары болып табылады, онда автор адамдарды тақуалыққа, өзімшілдіктен арылуға және ізгі өмір сүруге шақырады. Бұл шығармалар көптеген түркі халықтарының рухани тәрбиесін негізге алған және діни ойлар мен мистицизмді зерттеуде маңызды дереккөз болған.

Түркі шығармаларының ішінде аталмыш еңбектің ең көп нұсқасы сақталғаны белгілі, мәселен бұл нұсқалар жайында қысқаша мәлімет бере кетсек:

1. *Санкт-Петербург нұсқасы*: Ғалым Р.Сыздықованың берген мәліметіне қарағанда XIX ғасырдың соңында Карл Германович Залеман тарапынан Самарқандтан Санкт-Петербург қаласына алып кеткен бұл нұсқа бұрынғы КСРО Ғылым академиясының Шығыстану институтындағы Азия музейінде В286 деген нөмірмен сақтаулы. 114 парақтан тұратын Самарқан қолжазбасын Р.Сыздықова лингвистикалық тұрғыдан зерттеді. Ғалымның бұл еңбегінде нұсқаның транскрипциясы мен факсимилесі де берілген [1, 31-33-бб.].

2. *Мысыр нұсқасы*: Қазірге дейін табылған хикмет нұсқаларының ішінде ең көнесі саналатын бұл нұсқа 1650 жылы хатқа түсірілген. Нұсқа 234 беттен тұрады, 49 хикмет берілген. 2019 жылы Мехмет Махур Тулум тарапынан қолжазбаның латын әліпбиіндегі транскрипциясы жасалып, түрік тіліне аударылған болатын. М.М.Тулумның «Dîvân-ı Hikmet: Hikmetler Mecmuası – Mısır Nüshası 1650» атты бұл еңбегінде Ясауи хикметтері ретімен емес, тақырып жағынан бөлініп беріледі [2].

3. *Стамбұл нұсқасы*: Хижра жыл санауы бойынша 1315 жылы Стамбұл қаласында жарық көрген бұл нұсқаның бір көшірмесі Қазақстан Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар қорындағы №2330-38 инвентарында сақталған. 116 беттен тұратын нұсқада 71 хикмет, 1 мінәжат бар. Хикмет нұсқасын 1998 жылы Мұхамедрахым Жармұхамедұлы, Мақсұт Шафиғи, Сәрсенбі Дәуітұлы секілді ғалымдар оқып, қазақ тіліне аударды [3].

4. *Көкшетау нұсқасы*: Қазіргі таңда Көкшетау қаласындағы Әдебиет және өнер мұражайының сирек кездесетін кітаптар бөліміндегі №639 инвентарында сақталған бұл нұсқа 2011 жылы табылған. 176 беттен тұратын нұсқада 57 хикмет орын алған. 2016 жылы қолжазбаны Иманғазы Нұрмағамбетұлы қазақ тіліне аударып, қолжазбаның түпнұсқасымен бірге жариялаған болатын [4].

2021 жылы ғалым С.Өтебековтың тарапынан Иманғазы Нұрмағамбетұлының еңбегіндегі факсимиле негізінде (анық емес және зақым көрген беттерін мұражайда сақталған түпнұсқадан толықтыру арқылы), диахронды және синхронды әдістер негізінде тілдік талдау жасап кітап жарияланды [5].

Сөйтсе де, Яссауи хикметтеріне қатысты әлемде қанша қолжазба жатқаны белгісіз. Кезінде түркітанушы Х.Ф. Гофман өз зерттеулерінің бірінде «Диуани хикметтің» қолжазбалары Берлин, Кэмбридж, Упсала, Париж, Принстон, Мәскеу, Санкт-Петербург, Ташкент, Стамбул секілді қалалардағы кітапхана қорларында жатқанын жазған болатын [6, 19].

Кітабында Қожа Ахмет:
Құл Қожа Ахмет, әрбір сөзің дертке дәрмен,
Тәліптерге (шәкірттерге) баян етсем қалмас арман.
Төрт мың төрт жүз хикмет айт хақ пәрменімен,
Пәрмен болса өлгенше жырласам мен, – деп, даналық сөздерінің 4 мың 400 жол екендігін ескерткен.

Яғни, «Диуан-и Хикмет» Яссауидің түрікше өлеңдерін қамтитын жинақтың атауы. Диуан-и Хикмет нұсқалары мазмұны жағынан да, тілі жағынан да өзіне тән тілдік ерекшеліктермен назар аудартады. Бұл хикметтердің әр заманда әртүрлі адамдар тарапынан жазылғанын немесе құрастырылғанына меңзейді. Кейбірі жоғалып кеткен немесе уақыт өте келе өзгеріске ұшыраған хикметтер жиналғандықтан жаңалары қосылып, негізгі мәтін біршама түпнұсқадан алшақтаған деп пайымдауға болады. Дегенмен, барлық хикметтердің негізінде Яссауидің сенімдері мен ойлары, сондай-ақ оның тариқатының қағидалары жатыр. Хикметтер түркілер арасында ортақ ұлттық код пен түркілерге тән құндылықтар мен ой бірлігінің қалыптасуы тұрғысынан өте маңызды рөл атқарды. Диуан-и Хикмет ескі және жаңа жазбалармен бірнеше рет басылып шыққан. Соңғы басылым Ахмет Яссауи университетінің Қамқоршылар кеңесінің төрағалығы тарапынан жарияланған және Хайати Бидженің түрікшеге жеңілдетілген нұсқасымен бірге шығысша түпнұсқалары қамтылған (Анкара 2016).

Яссауидікі деп танылған және шағатай түрікшесінде жазылған тағы бір шағын еңбек – «Пақырнама». Бұл бөлім ретінде Диуан-и Хикметтің Ташкент және кейбір Қазан

басылымдарында кездеседі, яғни бөлек шығарма емес, Диуан-и Хикметтің прозалық кіріспесі болып саналатын «Пақырнаман» 1977 жылы Кемал Эраслан жаңа жазбаларға көшіріп, Ыстамбұл университеті әдебиет факультетінің «Түрік тілі және әдебиеті» журналында мақала түрінде жариялады [8, 45-120]. Ахмет Йассауи университетінің Қамқоршылар кеңесінің төрағалығы бұл мақаланы бөлек кітап ретінде басып шығарған (Анкара, 2016 жылдың сәуір айы).

Ташкентте қолжазба нұсқалары бар «Рисале дер Адаб-и Тариқат» шағын парсы тіліндегі шығарма тариқат әдебі, мақамдары, мұрид пен мұршидтің қарым-қатынастары, сопылық, Алланы тану және Аллаға деген махаббат тақырыптарын қамтиды. С. Моллақанағатұлы оны қазақ тіліне аударып, жариялаған¹ (Алматы 2012).

«Рисале дер Мақамат-и Ербаин» Йассауиге тән делінген парсы тіліндегі шағын қолжазба болып табылады, шарифат, тариқат, мағрифат және хақиқат туралы әрқайсысы бойынша он мақамнан, барлығы қырық мақам мен қағиданы қамтиды².

Шығарма Недждет Тосун тарапынан парсы тілінен түрікшеге аударылып, Ахмет Йассауи университетінің Қамқоршылар кеңесі тарапынан Пақырнама және Рисале дер Адаб-и Тариқатпен бірге басып шығарылған (Анкара, 2016 жылдың қараша айы).

«Диуани Хикмет» шығармасына жүргізілген тілдік, пәлсапалық, тарихи зерттеулер түркі халықтарының рухани және мәдени өміріндегі рөлін тереңірек түсінуге айтарлықтай үлес қосты. Оның еңбектері Ахмет Йассауидің туындысының көпқырлылығын айқындап, оның әдеби, философиялық және мәдени аспектілерін, сондай-ақ шығарманың кейінгі түркі әдебиеттеріне және дүниетанымына ықпалын ашады.

Сопылар исламның қайнар бұлақтарынан бастау алған сопылық әдебиетте кемел адам, мағрифат, шарифат, тариқат, хақиқат, мақам, пір, нұр, сабыр, зауқ, тақуа, тәуба, сұхбат, тәуекел, уара, фана, тәсілім, тәсбих, шүкір, мухаббатұллах, ыхлас, зікір сияқты ұғымдарды пайдаланды. Сондай-ақ «жүрек», «көңіл», «көкірек көзі» сынды ұғым-түсініктер де сопылық әдебиеттің тұрақты тіркестеріне айналды. Өйткені тасаууф ілімінде жүрек – иманның тұрағы, Ұлы Жаратушыға деген сүйіспеншіліктің мекені болып табылады. Сопылық әдебиетте «Хақты танып, Хақиқатқа ұласу», «Сырды түсінуге ұмтылу», «Сүйіктіге ғашық болу», «Жарға ынтық болу», «Сүйіктімен сұхбат құру», «Ақиқат шарабын ішу», «Мас болып, естен тану», «Көбелек болып, отқа күйю», «Өлмей тұрып өлу», «Пәруанадай шыр айналу», «Гүлге ынтызар бұлбұлдай сайрау» сияқты ұғымдар кеңінен қолданылады [9, 24].

Зерттеушілер сопылық өз дамуының алғашқы кезеңдерінде исламның мәніне қайта оралатын ағым болғанын атап өтеді және сопылықтың алғашқы сатысы тақуалық ортада ерте Омейя дәуіріндегі (661–749) дүниеқоңыздыққа қарсы реакция ретінде пайда болғанын, Құрандағы қиямет күні туралы сөздерге үнемі ой жүгірту тәжірибесінен аскетшілер «әрқашан жылайтындар» және бұл дүниені «қайғылардың үйі» санайтындар деп аталды. Олар Құран мен дәстүрдің үкімдерін мүлтіксіз орындауымен, тақуалықпен, әсіресе түнгі құлшылыққа бейімділігімен ерекшеленді [10].

М. Форвард та осыған ұқсас көзқараста, сопылықты «түбірсіз, индивидуалистік және түсініксіз наным-сенімдер мен әдет-ғұрыптар емес, Құран тілімен және Пайғамбарға тағзым етумен байланысты» деп санайды [11, 8].

Сопылық әдебиетке арналған көлемді еңбек сондай-ақ «The Muslim Magazine» журналының бір нөмірінде жарияланған Онда сопылық – исламның жүрегі ретінде сипатталады [12.67]. Бұл сопылықтың исламдағы руханилықты қайта жаңдандыратын ғылым ретінде пайда болғанын көрсетеді. Осы руханилықсыз, сопылық ілім ортағасырлық ислам мәдениетінің биік шыңына жете алмас еді.

1 Шығарма Недждет Тосун тарапынан парсы тілінен түрікшеге аударылып, Ахмет Йассауи университетінің Қамқоршылар кеңесі тарапынан Фақр-наме бірге басып шығарылған (Анкара, 2016 жылдың қараша айы).

2 Қазіргі уақытта белгілі жалғыз нұсқасы Кутахия Тавшанлы Зейтиноглу аудандық халық кітапханасында сақталған (№ 1056, 112а-113а беттер).

Атақты адамдардың бірі Сопы Мұхаммед Данишманд жазған «Мират әл-Кулуб» кітабы Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы туралы алғашқы жазылған еңбектердің бірі. Ойшыл бұл кітаптағы материалдардың Қожа Ахмет Ясауидің ойлары мен сенімдерінен алынғанын атап көрсетеді және оны мистиканың көшбасшысы және жер бетіндегі теңдестіруші нөқта ретінде дәріптейді. Сондықтан Қожа Ахмет өткен ғасырларда Яссауи деген атпен белгілі болғанымен, «Түркістан ақсақалы» және «Түркістанның Хазіреті» деген бүркеншік аттармен де танымал [13, 332].

Сопы сөзінің келесі бір мағынасы «көлеңке» деген мағынаны білдіреді. Пайғамбарымыз Мәдина қаласында мешіттің бір бұрышына құрма ағаштарынан көлеңкелік баспана салдырған. Көлеңкелікке арабшада «суффа» делініп, ол жерде тұрғандар «асхабы суффа» деп аталды. Суффа сахабалары туған-туыс, жақындары мен дүние-мүліктері жоқ кедей сахабалар болатын. Олар өз өмірін Құран үйреніп, Пайғамбарымыздан тәлім алу жолына арнап, күндіз ораза ұстап, түнде ғибадат етіп, дүниенің күйбең тіршілігінен бойларын алыс ұстап, алтын уақыттарын пайғамбардан естігендерін жаттап, кейінгілерге жеткізу жолында өткізді. Бұлардың саны 30-дан 700-ге дейін артты. Олар Исламның шынайы рухын басқа руларға, мемлекеттерге көркем түрде уағыздау арқылы, жан-жаққа мұғалім етіп жіберілді [9, 16].

«Диуани Хикмет» зерттеушілерін саралай келе оларға ортақ болған аспектілерді төмендегідей жүйелей кетуге болады:

1. **Тілдік және әдеби маңызы:** Көптеген зерттеушілер шығарманы қазіргі түркі тілдерінің және әдебиеттерінің дамуына қосқан үлесі тұрғысынан талдайды.

2. **Діни және философиялық идеялар:** Ахмет Яссауи сопылық ағымды дамытқандықтан, ғұламаның өлеңдеріндегі терең философиялық ойлар мен діни насихаттар тақырыбына баса назар аударылады.

3. **Тарихи-мәдени контекст:** «Диуани Хикмет» шығармасы ортағасырдағы түркі халықтарының рухани және мәдени өмірін түсіну үшін маңызды дереккөзі ретінде қарастырылады.

Ахмет Яссауидің шығармалары, әсіресе оның «хикметтері», қазақ әдебиетіне үлкен ықпал етті. Олар қазақтың рухани дәстүрі мен мәдениетінің қалыптасуына негіз болды. Оның поэтикалық стилі мен рухани идеялары көптеген қазақ ақындары мен философтарының шығармашылығында көрініс тапты. Бұл шығарма орта ғасырлардағы түркі халықтарының діни өмірі мен сопылықты зерттеуде маңызды дереккөз болып табылады.

Суфизмнің шыңы – бұл Яссауидің жер астындағы шилханада өткізген кезеңі, себебі ол Пайғамбар Мұхаммедтің жасына жеткенде, жер бетіндегі өмірді одан әрі жалғастыру мүмкін емес деп есептеп, жер астына түскен. «Ол Мұхаммедті санадан тыс адам ретінде көрсетіп, оны адам баласына жолданған ұлы пайғамбарлардың арасындағы ең үстіне қойды.

Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметі» мен Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі», Ахмет Йүгнекидің «Һибат-ул-хақайығы» ұзақ ғасырлар бойы түркі халықтарының сөз өнерінің негізгі қазынасы болып келгені даусыз.

Демек, Ахмет Яссауид шығармаларының да қазақ әдебиеті мен руханиятына әсері де елеулі. «Диуани Хикмет» тек Түркістан аймағы ғана емес, бүкіл Орталық Азиядағы сопылық дәстүрлердің қалыптасуына әсер еткені белгілі.

Аталған ұлы жәдігерлердің ХІХ-ХХ ғасырлардағы бүкіл қазақ әдебиетіне жасаған игі-ықпалы жөнінде де солай деуге болады. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басында ерекше дамыған кітаби ақындар шығармашылығы да кездейсоқ туындаған әдеби құбылыс емес. Керісінше, өзінің табиғи дәстүрлі даму жолымен келген, ежелгі әдеби, діни-фәлсафалық дәстүрмен сабақтастықта дамыған әдеби құбылыс. Демек, кітаби ақындар шығармашылығының қайнар бастауында ең алдымен ортағасырлық әдеби, діни-фәлсафалық жәдігерлер – А.Ясауи, Ж.Баласағұн, А.Йүгнеки шығармалары, онан соң Алтын Орда ескерткіштері түр десек, қателеспейміз. Яғни, кітаби ақындар шығармашылығы қазақ

әдебиетінің ежелгі әдебиетпен табиғи байланысын, сабақтастығын көрсетеді. Бұл тұрғыда Дулат Бабатайұлының әдеби мұрасы жазба және ақындық өмірдің алтын көпірі іспеттес екенін айта кетпесек болмайды. Сондай-ақ Біржан-Сара айтысындағы сөз саптаулар мен кітаби шығармалардың тілге тиек етілуі қазақ әдебиетінің кітаби жазба дәстүрден еш уақытта қол үзбегенін көрсетеді.

Мәселен, Абай мен Яссауи шығармаларындағы дәстүр жалғастығына назар аударатын болсақ, Абайдың Яссауи хикметімен таныс екенін отыз бесінші қара сөзінен пайымдай аламыз: «Махшарда Аллаһу та’ала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт – соларды қатар қойып, сұрар дейді. Дүниеде ғыззат үшін, сый-құрмет алмақ үшін қажы болғанды, жомарт болғанды, сопы болғанды, молда болғанды, шейіт болғанды бір бөлек қояр дейді. Ахиретке бола, бір ғана Аллаһу та’аланың разылығын таппақ үшін болғандарды бір бөлек қояр дейді. Дүние үшін болғандарға «Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниең мұнда жоқ. Сендердің ол қызықты дүниең харап болған. Сонымен қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, сұрау беріңдер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды, өмірлеріңді, бетіңе ахиретті ұстап, дін ниетің дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар?» дейді. Ана шын ниетіменен орнын тауып, бір құдайдың разылығы үшін өнер қылғандарға айтар дейді: «Сендер бір ғана менің разылығымды іздеп малдарыңды, өмірлеріңді сарып қылып едіңдер, мен разы болдым. Сіздерге лайықты құрметті орным бар, дайын, кіріңдер! Һәм ол разылықтарыңнан басқа осы махшар ішінде, сендердің осы қылғаныңа өзі қылмаса да, іші еріп, ынтық болған достарың табылса, шафағат қылыңдар!» - деп айтар» - дейді.

Диуан әдебиетіндегі өзекті тақырып - «ғашық». Бұл ғашық пенде мен пенде арасындағы сүйіспеншілік сезімнен әлдеқайда жоғары тұрған, пенденің Жаратушысына деген шексіз сезімі екені белгілі. Яғни бұл сезім арқылы пенде жүрегінің көзімен Алламен жүздесу мүмкіндігіне ие болады. Бұл Жаратушыны танудағы ең жоғарғы сатылардың бірі. Сопының да негізгі мұраты – көкірегінің көзімен Алланың дидарын көру сол жолда өмірдегі пендауи тірліктен баз кешіп «Fana Filla» дәрежесіне дейін ұласып, өзін осы аурада ерітіп, тек «Онымен» қабысу, бұл жалғандағының бәрі «fana», яғни өткінші, яғни қазақ түсінігіндегі «пәни» екенін дәлелдеу.

Осы орайда адам баласы уақытша, қолға ұсталатын, фәнилік затқа ғашық болса, одан айырылу үлкен азапқа толы қайғы әкеледі, ал мәңгілік болған Аллаға ғашық болса «сәкине» яғни, жүрек тыныштығына ұласады. Бұл мәселені Абайдың да жырлағаны мәлім:

Жүрегі жұмсақ білген құл
Шын дос таппай тыншымас.
Пайда, мақтан бәрі – тұл,
Доссыз ауыз тұшымас. – [7, 120]

Қазақ ақындарының ішіндегі діни сопылық тақырыптарға ой қозғаған өкілдердің бірі ретінде – XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақ ақыны, ойшылы және ағартушысы Шәкәрімді де айтуымыз керек. Ол өз заманындағы әлеуметтік-рухани мәселелерді терең зерттеп, өзінің діни-философиялық көзқарастарын, «Үш Анық» еңбегінде де, өлеңдерінде де көркем түрде жеткізген. Шәкәрім шығармашылығында сопылықтың және діни философияның әсері айқын көрінеді. Ясауидің ізбасары ретінде, оның рухани мұрасына сүйенген Шәкәрімнің шығармалары рухани тереңдікпен, адамзаттың ішкі әлемін түсіну мен өзін-өзі жетілдіруге шақырумен ерекшеленеді. Яссауи шығармаларында Аллаға деген махаббат, дүниенің өткіншілігі мен жанның мәңгілігі туралы ойлар басым болса, Шәкәрім өз шығармаларында адамдық, кісілік, шындық және әділдік туралы мәселелерді қозғайды. Екі ойшылдың да негізгі мақсаты – адамды рухани тұрғыдан кемелдікке жетелеу, ішкі тазалық пен адамгершілікке ұмтылу.

Иасауи мен Шәкәрім шығармаларының басты ерекшелігі – олар рухани жаңғыруға, адамзаттың ішкі жан дүниесін жетілдіруге бағытталған. Олардың шығармашылығында дін, философия және поэзия бір-бірімен тығыз байланыста дамып, адамзатты рухани кемелдікке жетелеудің басты құралына айналды. Ясауи мен Шәкәрімнің мұрасы бүгінгі

күні де өзекті, себебі олардың идеялары қазіргі заманғы рухани жаңғыру үрдістерімен үндеседі, яғни екі ғұламаның да шығармалары рухани құндылықтарды насихаттап, адамзаттың рухани дамуына үлес қосатын маңызды мұра болып табылады. Екі ойшылдың да поэтикалық мұрасы қазақ халқының рухани тарихында маңызды орынға ие және олардың шығармашылықтары қазақ әдебиетінің алтын қорына енген. Шәкәрім мен Иасауи шығармаларының арасындағы үндестіктің арқауында да Абай шығармалары жатқанын білеміз.

Қорытынды

Қорыта айтқанда Қожа Ахмет Йассауидің тұлғасының сан қырлылығы нәтижесінде оған көп мөлшерде табынушылар мен зияратшылар ағылып келді. Тұрғылықты адамдар, миссионерлер, халық уағызшылары, «Баба» деп аталатындар Йассауидің ілімін Түркістанда, Қырғызстанда, Волга бойында, Хорасанда, Әзербайжанда, Кіші Азияда таратып отырды. Йассауидің шәкірті танылған Сүлеймен Бақырғани, Хакім Ата, Ахмет Йүгнекилер сопылық білімнің таралуында үлкен рөл атқарды. Йассауидің өмір сүріп ілімін таратып тұрған кезінде оның шәкірттері арасында 12 мың таңдаулы және 99 мың қарапайым халықтың өкілі болды. Йассы қаласында 40 ханака-чиллахана (сопылық тәрбиені 40 күн бойы оқытатын арнайы орын) болды, онда көптеген ізбасарлар түрк әлемінің барлық түкпірлерінен білім алу үшін келді. Осылайша, Йассауи ордені құрылып, түркі халықтарының мәдени және діни ағартушылығында маңызды рөл атқарды.

Қожа Ахмет Яссауидің шығармалары мен сопылық ілімі қазақ әдебиетінің және әдеби тілінің негіздерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Оның мұрасы қазақ мәдениетінің, руханиятының және әдеби тілінің құрамдас бөлігі болып табылады. Яссауидің шығармашылығы қазақ әдебиетінің тарихында ерекше орын алады, себебі ол халықтың рухани және мәдени құндылықтарын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізді.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын «AP14870245 – Ахмет Ясауидің «Диуани хикметіндегі» тілдік-мәдени кодтар» атты гранттық жоба негізінде жазылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы. Ел шежіре. – Алматы, 2014. – 667 б.
2. Tulum M.M. Dîvân-ı Hikmet: Hikmetler Mecmuası – Mısır Nüshası 1650. İstanbul: Ketebe Yayinevi, 2019. – 350 б.
3. Хикмет жинақ. – Алматы: Жалын, 1998. – 656 б.
4. Қожа Ахмет Ясауи Диуани хикмет. Көкшетау нұсқасы. (Аударған И.Нұрмағанбетұлы). – Астана: Regis-ST Poligraf, 2016. – 288 б.
5. Utebekov S. Divân-ı Hikmet'in Kökşetav Nüshası. Giriş-Gramer Özellikleri-Metin Dizin. – Çanakkale: Paradigma Akademi, 2021. – 513 s.
6. Қыдыр Т., Ченари А. Түркістанның пірі – Қожа Ахмет Иасауи. – Алматы, 2018. – 179 б.
7. Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы. 1-том: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.
8. Eraslan K. Yesevi'nin Fakr-Name'si. – Istanbul: İÜ. Edebiyat Fakültesi Basımı. 1977
9. Қортабаева Г.Қ., Кыдыр Т.Е., Рысқұлов С.С. Ахмет Ясауи Шығармаларындағы Сопылық Дүниетаным. // ҚазҰУ Хабаршы. Дінтану сериясы. – 2020. – №1(21). – 27 б.
10. Annemarie Schimmel [Электронды ресурсы] URL: <https://www.britannica.com/topic/Sufism/Sufi-orders> (қаралған күні: 01.07.2024)

11. Форвард М. Мухаммад: краткая биография. – Москва, 2002
12. The Muslim Magazine. – Vol. 2. – № 4. – Fall 1998. 67 p.
13. Асгар Сабери. Положение Ходжа Ахмеда Ясави в письменных источниках // Дінаралық диалог және Қожа Ахмет Ясауи мұрасы. Халықаралық ғылыми конференция материалдары – 13 ақпан, 2015. – Астана, 322 б.

О.С.Сапашев

Стамбульский университет, Стамбул, Турция

Произведения Ясави и суфийская традиция как основа казахской литературы и литературного языка

Аннотация. Ходжа Ахмет Ясави – выдающийся суфий и видный представитель исламского мистицизма средневекового тюркского мира. Его суфийская традиция и произведения играют особую роль в становлении казахской литературы и литературного языка. Учение и творческое наследие Ясави оказали значительное влияние не только на религиозные, но и на литературные и культурные аспекты. Произведения Ходжи Ахмета Ясави, известные как «Хикметы», отражают его философские, религиозные и моральные мысли. Хикметы – это сборник стихов и наставлений, направленных на духовное и моральное совершенствование человека. Эти произведения стали основой для развития казахской литературы, так как в них содержатся народная мудрость и философские размышления, оказавшие влияние на духовные ценности казахского народа. Суфийское учение Ясави показывает пути к приближению к Аллаху и достижению духовной чистоты. Его мысли и практики оставили глубокий след в религиозном сознании казахов. Основы суфийского учения занимают важное место в духовной жизни и литературе казахского народа. Язык и стиль произведений Ясави оказали влияние на развитие современного казахского литературного языка. Его стихи и идеи глубоко отразились в повседневной речи и традициях народа. Богатство и художественная выразительность литературного языка развивались также благодаря разнообразию тем и содержания произведений Ясави.

Ключевые слова: Ясави, суфизм, Дивани Хикмет, Пақырнама, ислам, тюркская литература, казахская литература, Абай, Шакарим.

O. Sapashev

Istanbul University, Istanbul, Turkey

The works of Yasawi and the Sufi movement as the basis of Kazakh literature and literary language

Abstract. Khoja Ahmed Yasawi was a renowned mystic of the medieval Turkic world and a prominent representative of Islamic mysticism. His works and Sufi tradition hold a significant place in the development of Kazakh literature and literary language. Yasawi's teachings and creative legacy have had a profound impact not only on religious but also on literary and cultural aspects. Khoja Ahmed Yasawi's works, known as *Hikmets*, reflect his philosophical, religious, and moral thoughts. *Hikmets* is a collection of poems and sayings aimed at guiding individuals towards spiritual and moral development. These works laid the foundation for Kazakh literature as they influenced the spiritual values of the Kazakh people with their folk wisdom and philosophical insights. Yasawi's Sufi teachings illustrate ways to draw closer to Allah and achieve spiritual purity. His thoughts and practices left a deep mark on Kazakh religious consciousness. The fundamentals of Sufi doctrine occupy a significant place in the spiritual life and literature of Kazakhstan. The language and style in Yasawi's works influenced the development of the Kazakh literary language. His poems and insights left a deep imprint on the daily language and traditions of the people. The richness and artistry of literary language were developed through the variety of themes and content in Yasawi's works.

Keywords: Khoja Ahmed Yasawi, Sufi order, Diwani Hikmet, Paqirname, Islam, Turkic literature, Kazakh literature, Abay, Shakarim

References

1. Syzdykova R. Yasawi «Hikmetterinin» tili [The language of Yasawi's *Hikmet*. Collection of multi-volume works]. (El shezhire, Almaty, 2014). [in Kazakh].
2. Tulum M.M. Divan-i Hikmet: Hikmetler Mecmuası – Misir Nushası 1650. [Diwan-i Hikmet: Journal of Wisdom – Egyptian Copy 1650.] (Ketebe Yayınevi, İstanbul, 2019, 350 p.) [In Turkish].
3. Hikmet zhinak [Wisdom kit] (Zhalyñ, Almaty, 1998, 656 p.) [in Kazakh].
4. Khoja Ahmet Yasawi. Diuani hikmet. Kokshetau nuskasy (Audargan I.Nurmaganbetuly) [Diwan-i-Wisdom. Kokshetau version. (Translated by I. Nurmaganbetuly)] (Regis-ST Poligraf, Astana, 2016, 288 p.) [in Kazakh].
5. Utebekov S. Divan-i Hikmetin Kokshetau Nushası. Girish-Gramer ozellikleri-Metin Dizin [Kokshetau version of the Diwan-i-Wisdom. Girish-Grammatical features-Text Index] (Paradigma Akademi, Chanakkale, 2021, 513 p.) [In Turkish].
6. Kydyr T., Chenari A. Turkistannyn piri – Kozha Ahmet Iasawi [Khoja Ahmed Yasawi as the head of Turkestan] (Almaty, 2018, 179 p.) [in Kazakh].
7. Abai. Shygarmalarynyn eki tomdyk zhinagy. T.1: Olender men audarmalar [Abay. A two-volume collection of his works. Volume 1: Poems and Translations] / (Zhazushy, Almaty, 2005, 528 p.) [in Kazakh].
8. Eraslan K. Yesevi'nin Fakr-Name'si [The Fakr-Name of Yesevi] (İÜ.Edebiyat Fakultesi Basımı, İstanbul, 1977) [In Turkish].
9. Kortabaeva G.K., Kydyr T.E., Ryskulov S.S. Ahmet Yasawi Shygarmalaryndagy Sopylyk Dunietyanym [Sufi Worldview In The Works Of Ahmed Yasawi] (Kaznu Bulletin. Religious studies series, №1(21), 27 (2020) [in Kazakh].
10. Annemarie Schimmel [Electronic resource] – Available at: <https://www.britannica.com/topic/Sufism/Sufi-orders> (accessed: 01.07.2024).
11. Forvard M. Muhammad: kratkaya biografiya [Muhammad: a Brief Biography] (Moskau, 2002).
12. The Muslim Magazine. – Vol. 2. – № 4. – Fall 1998. 67 p.
13. Asgar Saberi. Polozhenie Hodzha Ahmeda Yasavi v pis'mennyh istochnikah // Dinaralyk dialog zhane Kozha Ahmet Yasawi murasy. Halykaralyk gylymi konferenciya materialdary [The position of Khoja Ahmed Yasawi in written sources // Interreligious dialogue and the legacy of Khoja Ahmed Yasawi. Materials of the international scientific conference] (February 13, 2015, Astana, 322 p.).

Автор туралы мәлімет:

Сапашев О.С. – филология ғылымдарының кандидаты, оқытушы, Стамбул Университеті, Стамбул, Түркия. ORCID: 0000-0001-7143-9123.

Сапашев О.С. – кандидат филологических наук, преподаватель, Стамбульский университет, Стамбул, Турция. ORCID: 0000-0001-7143-9123.

Sapashev O.S. – Candidate of Philology, Teacher, Istanbul University, Istanbul, Türkiye. ORCID: 0000-0001-7143-9123.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).